

**Педагогикалық кеңес хатамасының көшірмесінен үзінді**

Қатысқаны- 23

Кеңес төрайымы- Костанова Г.С.

Хатшы- Калдырова А.М.

Күн тәртібінде:

**1. «Тікқайың негізгі мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттау нәтижесі туралы**

**Тыңдалды:** Мектеп директоры Костанова Г.С. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып мектеп қызметін өзін-өзі бағалау бойынша құжаттар жинақталып уақытылы ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 6-12 маусым аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізді. Аттестаттау қорытындысы бойынша мектеп білім беру қызметі мемлекеттік міндетті білім беру стандартының талаптарына сай келмейді деп бағаланған. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 14 маусымдағы №18-2-4-06/1141 хаттамасының шешіміне сәйкес кемшіліктерді 2024 жылғы 24 желтоқсанға дейін жою ұсынылды.

**Кемшіліктер мен ескертулер:**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша:**

**1. Өлшемшарттың 9.3 тарауы:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 1- қосымшасы 2- тарауы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес келмейді, ( директор тарапынан ұсынылған бекітілген педагогтар

мәліметі бойынша кестеде І тәрбиеші Аманжолова Ә.А. педагогикалық еңбек өтілі - 6 жыл болғандықтан, біліктілік санатын көтеру бағытында жұмыстану қажет етіледі. Бұдан Қағиданың 24- тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзіреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деген талапқа сәйкес келмейді; кемінде бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмаған);

- Қағиданың 1- тарауының 9- тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады деп көрсетілген. Мәліметтерді зерделей келе, Қағиданың 1- тарауының 9-тармағы талабы толық орындалмаған.

## **2. Өлшемшарттың 11.2. тарауы:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты туралы» №348 бұйрығына 1- қосымшасының 4-тарауы 26-тармағының талабына сәйкес келмейді, ұсынылған құжаттарды талдау барысында тәрбиеленушіні 1- сыныпқа қабылдағанға дейін балаларды қабылдау және шығару туралы бұйрықтардың көшірмелері, қозғалыс журналы ұсынылмаған.

## **3. Өлшемшарттың 12.1. тарауы:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 3- қосымшасы 3- тарауы 41-тармағына сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылының түсінік хатында «мектепте 1 сынып және 8 сынып жинағы бар» делінген, оқу жоспарында 10 сынып, 7 сынып жинағына жұмыс жоспары құрылған, соның ішінде 2-3, 5-6 орыс тілінде оқытылатын сыныптар, 7-8 қазақ тілінде оқытылатын сыныптар біріктірілген. 5 қазақ сыныбына оқу жоспары жоқ. Алайда «BilimClass» журналында 5 қазақ сыныбына сабақ кестесі құрылған, барлық пәндерге күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар енгізілген және 6,7 біріктірілген орыс сыныбы жоспарында «Орыс тілі» пәніне – 2 сағат, «Орыс әдебиеті» пәніне - 3 сағат беріліп қате кеткен («BilimClass» журналында «Орыс тілі» пәніне – 3 сағат, «Орыс әдебиеті» пәніне -2 сағатқа сабақ кестесі құрылған).

## **4. Өлшемшарттың 12.2. тарауы:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 3- қосымшасы 2- тарауы 11-тармағына сәйкес келмейді, мектеп тарапынан 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының «Kundelik.kz» электронды журналы жүктеліп, ұсынылмағандықтан тексеруге мүмкіндік болмады. 2023-2024 оқу жылы бойынша «BilimClass» журналынан оқу бағдарламаларының орындалуы тексерілді. Журналдың «Оқу бағдарламалары» бөлімінде сағат саны көрсетілген. Барлық пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар толтырылған. Мереке күндеріне келген тақырыптар кіріктірілген. Дегенмен Bilimclass электронды журналының тексеру барысында көптеген пәндердің

тақырыптары жетпейтіндігі анықталды. 5а сыныбында математика пәнінен 166 сағат және 22.01-31.01, 20.02-21.02, 01.04-24.05 аралығында тақырыптар орыс тілінде толтырылған пән мұғалімі Қуандық .И.Ф. 5 б сыныбында математика пәнінен 166 сағат пән мұғалімі Қуандық .И.Ф. 6 б сыныбына орыс әдебиеті пәнінен 06.06.2024ж сабақ қойылып кеткен, пән мұғалімі Холостенко Е.В: математикадан 166 сағат, пән мұғалімі Қуандық И.Ф: 7а сыныбында алгебра пәніне 99 сағат жазылған, пән мұғалімі Қуандық И.Ф: Қазақстан тарихы пәніне 65 сағат толтырылған, пән мұғалімі Буркутбаева Г.Б. 7б сыныбында алгебра пәніне 99 сағат жазылған, пән мұғалімі Қуандық И.Ф. 8а сыныбында алгебра пәніне 99 сағат жазылған, пән мұғалімі Отаров С.С: химия пәніне 65 сағат, пән мұғалімі Костанова Г.С: Қазақстан тарихы пәніне 65 сағат жазған, пән мұғалімі Буркутбаева Г.Б. 9а сыныбында алгебра пәніне 99 сағат жазылған, пән мұғалімі Отаров С.С: химиядан 65 сағат берілген, пән мұғалімі Костанова Г.С.

#### **4. Өлшемшарттың 12.10.тарауы:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 3- қосымшасы 2- тарауы 39-тармағына сәйкес келмейді, Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтер жөнінде ақпарат ұсынылған. 5 педагогтың бейініне сәйкес сабақтар жүргізбегендігі анықталды. Бастауыш сынып мұғалімі Буркутбаева Гулшат Бокеевна 5-9 сыныптар аралығында тарих пәнінен: Другалев Александр Александрович технология пәні мұғалімі физика пәнінен: Костанова Гулзира Сейілхановна бастауыш мұғалімі химия, биология пәндерінен: Жилмагамбетова Нурия Алибековна математика пәні мұғалімі информатика пәнінен: Отаров Сағынтай Серікұлы физика пәні мұғалімі информатикадан сабақ беріп келген (01.03.2024 жылғы тарификациялық тізімге сәйкес) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыру бойынша екі педагогтің біліктілік санатының уақыты өтіп кеткендігі анықталды. Өзін-өзі талдау анықтамасында келесі түсініктемелер берілген: 1) Борщевич Римма Данилбековна - еңбек өтілі 19 жыл. 2017 жылы жүктілікке байланысты еңбек демалысына кетіп, 2020 жылға дейін бала күтіміне байланысты демалыста болған. 2021, 2022 жылдары санатын арттыру үшін тест тапсырғанымен шекті деңгейді алмаған, бұдан кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмағаны анықталды.


#### **5. Өлшемшарттың 4.4. тарауы:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 4-тармағының 9-тармақшасында білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан 40%-дан төмен емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен бекітілген стандартының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі, бұдан 9 сыныптан қатысқан 3 оқушының ішінен білімді бақылау кесіндісінің қорытындысы барлық тестіленген пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 33,3 % көрсетуіне байланысты оқыту нәтижесі «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланды.

### Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 24-тармағының (Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзіреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруды қажет етеді) талаптарына сәйкес ұсыну, яғни Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарауы 4-тармағының 4) тармақшасын орындау мақсатында тәрбиеші Аманжолова Ә.А. біліктілік санатын көтерсін.
- Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету мақсатында «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдыктандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес шағын орталықты керекті жиһаздармен жабдықтау бойынша жұмыстану.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты туралы» №348 бұйрығына 1-қосымшасының 4-тарауы 26-тармағының талабына сәйкестендіріп, ұсынылған құжаттарды талдау барысында тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін балаларды қабылдау және шығару туралы бұйрықтардың көшірмелері, қозғалыс журналын ұсыну.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарауы 11-тармағына сәйкес 2023-2024 оқу жылы бойынша «BilimClass» электронды журналын тексеру барысында Анықталған кемшіліктерді жойып, көрсетілген оқу пәндерінен сағат сандарын дұрыстау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Танжарикова К.У. жүктелсін. Журнал толтыруда қателіктер жіберген мұғалімдерден түсініктеме алынсын.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарауы 39-тармағына сәйкес химия-биология, физика, тарих пәндерінің мамандары шақыртылсын.
- Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыру.
- 5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы 4-тармағының 9-тармақшасында білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың 4-тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан төменінде 40%-дан төмен емес төмен емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен бекітілген стандартының талаптарына сәйкес келмегендіктен оқушылардың білім сапасын көтеру бойынша жұмыстар жүргізу 9 сыныпта жұмыс жасайтын пән мұғалімдеріне жүктелсін. Осы жұмысты қадағалау Танжарикова К.У. жүктелсін.

Кеңес төрайымы- Костанова Г.С. 

Хатшы- Калдырова А.М. 

